

Айыртау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 6-9-1 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 6-42-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 мамырда № 6290 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қарашадағы № 6- 47-17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 25.11.2020 № 6-47-17 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Айыртау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 6-9-1 шешіміне (2017 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzlіmіндегі № 4147 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Айыртау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі – қағидалар):

қағидалардың 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 3 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К.Ақсақалов

" " 2020 жыл

Б.Жанахметов

Айыртау аудандық мәслихатының 2020
жылғы 5 мамыры № 6-42-1 шешіміне 1
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау
аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6
сәуірдегі № 6-9-1 шешіміне 1 қосымша

**Атаулы күндермен, мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек
көрсетудің еселігі**

№	p/b	Атаулы күндердің, мереке күндерінің және әлеуметтік көмек алушылар санаттарының атауы	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
---	-----	---	--

15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні

1	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмышшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4		Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық

	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілері.	есептік көрсеткіш
5	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысады – Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жыныдарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуларап жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысады үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
6	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

1	"Алтын алқа", "Күміс алқа", I, II дәрежелі "Ана Данқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар.	Жылына 1 рет – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш
2	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйімдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында құндізгі оқу нысаны бойынша білім алған балалары бар көпбалалы отбасылар.	Жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

26 сәуір – "Чернобыль атом электрстанциясындағы апатты еске алу күні"

1	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық септік көрсеткіш
2	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдырып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
		Жылына 1 рет – 15 (он бес)

3	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жоу кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	айлық есептік көрсеткіш
4	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ак азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жоуға қатысқан, сондай-ак ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардалтарын жоуға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

7 мамыр – Отан қорғаушы күні

1	Бейбіт уақытта әскери қызметін өтеу кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	Жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы.	Жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

9 мамыр – Женіс күні

1	Әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жургізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100000 (жүз) мың теңге
2	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020

		жылғы 9 мамырға 100000 (жүз) мың тенге
3	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100000 (жүз) мың тенге
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек откерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелген қалаларда болған адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100000 (жүз) мың тенге
5	Екінші рет некеге тұрмаган, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын құрес жүргізушілердің, "Ленинградты корғағаны үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (күқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері).	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30000 (отыз) мың тенге
		2020 жылғы 9 мамырды

6	<p>Катынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Қеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теніз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына қошрілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың опертивтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мушелері.</p>	<p>қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100000 (жұз) мың теңге</p>
7	<p>Корғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Қеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100000 (жұз) мың теңге</p>
8	<p>Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұргыны" белгісімен наградталған азаматтар.</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 60000 (алпыс) мың теңге</p>
9	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Қеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9</p>

		мамырға 30000 (отыз) мың тенге
10	1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткөргөн) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен медальдармен марапатталмаған адамдар.	2020 жылдың 9 маусымына 30000 (отыз) мың тенге
11	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандагы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100000 (жүз) мың тенге
12	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзи қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30000 (отыз) мың тенге
13	Ұлы Отан соғысының катысушылары мен мұғедектері.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 рет - 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 1000000 (жүз) мың тенге

		бір) миллион тенге
14	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумактарында қымыл жасаған халықтың корғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндегін атқаруға көзінде жарапануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	2020 жылғы 9 мамырдың коспағанда, жылына 1 рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 60000 (алпыс) мың тенге

31 мамыр – Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандағы еске алу күні

1	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси құғын-сүргіндер құрбандағының балалары, сондай-ақ құғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығының қалған саяси құғын-сүргіндер құрбандағының балалары.	Жылына 1 рет – 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағында саяси құғын-сүргінге дерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын тұлғалар.	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне құғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі:</p> <p>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы тыскары жерлерде құғын-сүргіндерді кенес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p> <p>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;</p> <p>в) Қазақстаннан тыскары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін құғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) құғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Респубубликада</p> <p>Одағының Ишкі істер халық комиссариаты-Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі-Ишкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестік, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта караудың қолданылып жүрген тәртібі сакталатын адамдарды қоспағанда, құғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.</p>	Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

	<p>4 Кенестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттің өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстанның қүштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуга ұшыраған адамдар.</p>	<p>Жылына 1 рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні		
	<p>1 Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі үшін зейнетакы тағайындалған тұлғалар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесіне ие зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданының) "Күрметті азаматтары".</p>	<p>Жылына 1 рет – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК